

ӘОЖ 811.512.122; МҒТАР 16.01.11  
<https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.14>

А.Қ. ҚОЖАХМЕТ<sup>1</sup> , Л.М. ХУСАИНОВА<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: a\_kozhakhmet@mail.ru

<sup>2</sup>филология ғылымдарының докторы,

М. Ақмолла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры  
(Башқұртстан, Уфа қ.), e-mail: lejla-kh@yandex.ru

## ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ МӘТІН ЖӘНЕ ДИСКУРС ТЕОРИЯСЫ

**Аңдатпа.** Мақала лингвистикалық еңбектердегі мәтін және дискурс теориясының зерттелу тарихын қарастыруға, ұғымдар арасындағы қатынасты анықтауға, мәтін мен дискурс ұғымдарын салыстыруға арналған. Зерттеу барысында мәтін және дискурс теориясын қалыптастырушы әрі дамытушы ғалымдардың пікірлері (Ф. де Соссюр, О. Москальская мен И. Гальперин, О. Ахманова, А. Бондарко, Т. ван Дейк, Г. Мельников, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Р. Сыздық, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Ж. Жақыпов, А. Салқынбай) салыстырылып, ортақ тұжырымдары беріледі. Мәтіннің тілдік ерекшеліктері, дискурста тән белгілер тілдік деректер арқылы анықталады. Сонымен қатар мәтіннің дискурстан, дискурстың мәтіннен айырмашылығы мен ұқсастықтарына қатысты талдаулар жасалады. Мәтін түзудегі тақырыптық, мағыналық және құрылымдық тұтастық, грамматикалық заңдылықтар туралы зерттеулер жүргізіледі. Жүргізілген зерттеулердің негізінде автор тарапынан мәтін мен дискурс ұғымдарының ұқсастықтары мен ерекшеліктері беріледі. Оған қоса, ғалым М. Балақаевтың ғылыми мәтіні нысанға алынып, оған стилистикалық, танымдық, дискурстық және прагматикалық талдаулар жасалды. Ғалымның мәтіні арқылы мәтін мен дискурс арасындағы байланыс пен ерекшелік анықталды. Мәтіннің ойдың нәтижесі екендігі, дискурстың үдерістік қасиеті талдаулар нәтижесі арқылы көрсетілді. Бұл мақала мәтін және дискурс теориясын зерттеушілер үшін өзекті болып табылады.

**Кілт сөздер:** мәтін және дискурс, лингвистикалық зерттеулер, антропоөзекті бағыт, сөйлеу актілері, адресант – мәтін – адресат, ғылыми мәтін.

А.К. Kozhakhmet<sup>1</sup>, L.M. Hussainova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Astana), e-mail: a\_kozhakhmet@mail.ru

<sup>2</sup>Doctor of Philological Sciences,

Professor of the Bashkir State Pedagogical University named after M. Akmulla  
(Bashkortostan, Ufa), e-mail: lejla-kh@yandex.ru

## Theory of Text and Discourse in Linguistic Research

### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Қожахмет А.Қ., Хусайнова Л.М. Лингвистикалық зерттеулердегі мәтін және дискурс теориясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 178–189. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.14>

### \*Cite us correctly:

Qojahmet A.Q., Husainova L.M. Lingvistikalıyq zertteulerdegi matin jane diskurs teoriiasy [Theory of Text and Discourse in Linguistic Research] // Iasauı universitetinin habarshysy. – 2023. – №2(128). – B. 178–189. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.14>

**Abstract.** The article is devoted to the history of the study of the theory of text and discourse in linguistic works, the definition of the relationship between concepts, the comparison of the concepts of text and discourse. In the course of the study, the opinions of scientists forming and developing the theory of text and discourse are compared (F. de Saussure, O. Moskalskaya, I. Galperin, O. Akhmanova, A. Bondarko, T. van Dijk, G. Melnikov, A. Baitursynuly, K. Zhubanov, R. Syzdyk, N. Uali, Zh. Mankeeva, Zh. Zhakupov, A. Salkynbay) and general conclusions are given. The linguistic features of the text, the characteristic features of the discourse are determined by the linguistic data. In addition, the analysis of the differences and similarities of the discourse with the text is carried out. The research of the subject, semantic and structural integrity, grammatical patterns in text formation is carried out. Based on the conducted research, the author gives similarities and differences between the concepts of text and discourse. In addition, the scientific text of the scientist M. Balakayev was considered, and stylistic, cognitive, discursive and pragmatic analysis was carried out. Through the text of the scientist, the relationship and specificity between the text and discourse were revealed. The results of the analysis demonstrated that the text is the result of thought, the process property of discourse. This article is relevant for researchers of the theory of text and discourse.

**Keywords:** text and discourse, linguistic research, anthropocentrism, speech acts, addressee – text – recipient, scientific text.

**А.К. Кожамет<sup>1</sup>, Л.М. Хусаинова<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева  
(Казахстан, г. Астана), e-mail: a\_kozhahmet@mail.ru*

*<sup>2</sup>доктор филологических наук, профессор  
Башкирского государственного педагогического университета имени М. Акмоллы  
(Башкортостан, г. Уфа), e-mail: lejla-kh@yandex.ru*

### **Теория текста и дискурса в лингвистических исследованиях**

**Аннотация.** Статья посвящена рассмотрению истории изучения теории текста и дискурса в лингвистических работах, определению взаимосвязи между понятиями, сопоставлению понятий текст и дискурс. В ходе исследования сравниваются мнения ученых, формирующих и развивающих теорию текста и дискурса (Ф. де Соссюр, О. Москальская, И. Гальперин, О. Ахманова, А. Бондарко, Т. ван Дейк, Г. Мельников, А. Байтурсынулы, К. Жубанов, Р. Сыздык, Н. Уали, Ж. Манкеева, Ж. Жакупов, А. Салкынбай) и даются общие выводы. Языковые особенности текста, характерные черты дискурса определяются языковыми данными. Кроме того, проводится анализ различий и сходств дискурса с текстом. Проводятся исследования предметной, смысловой и структурной целостности, грамматических закономерностей в текстообразовании. На основании проведенных исследований автором даются сходства и различия понятий текст и дискурс. Кроме того, объектом исследования был избран научный текст ученого М. Балакаева и проведен стилистический, познавательный, дискурсивный и прагматический анализ. На примере текста ученого была выявлена связь и различие между текстом и дискурсом. С помощью результата анализов продемонстрировано, что текст является результатом мысли и процессное свойство дискурса. Данная статья актуальна для исследователей теории текста и дискурса.

**Ключевые слова:** текст и дискурс, лингвистические исследования, антропоцентризм, речевые акты, адресант – текст – адресат, научный текст.

### Кіріспе

Мәтін және дискурс – тіл мен сөйлеу қатынасы негізінде пайда болған теория. Тіл мен сөйлеу антиномиялары сияқты мәтін мен дискурс та бір-біріне қарсы, бір-бірінсіз жеке зерттеле алмайтын ұғымдар. Адам өмірі сөз бен сөйлеу арқылы мағынаға ие болса, тіл де мәтін мен дискурс арқылы түрліше құбылады. Содан бастап тіл білімінде мәтін арқылы дискурстың, дискурс арқылы мәтіннің коммуникативтік, прагматикалық сипаттары ашыла бастады. Мәтін мен дискурс ұғымдарының арақатынасын зерттеу арқылы мәтіннің сөйлеу актісіндегі ерекшелігін, дискурсқа түскен мәтіннің коммуникативтік сипатын анықтауға болады.

Мәтін және дискурстың теория ретінде қалыптасу кезін ғалымдар ХХ ғасырдың 60-жылдарымен байланыстырады. Себебі ғалымдар осы кездері мәтіннің грамматикалық, семантикалық, прагматикалық, коммуникативтік және когнитивтік ерекшеліктерін зерттеуді нысанға алды. 1959 жылы Ганновер қаласындағы мұражайда неміс суретшісі К.Бухайстермен салынған «Komposition Textem» – «Композиция Текст» – «Мәтін композициясы» атты сурет мәтіннің, оған тән белгілердің сол заманнан мәтінге деген қызығушылықтың барын аңғартады. Суретте көлденең және тігінен орналасқан, бір-бірімен байланысқан ақ, қара жолақтар бейнеленген. Бұдан мәтінге тән белгілерді анық көре аламыз. Себебі мәтін – сөйлемдердің бір-бірімен грамматикалық және семантикалық тұрғыда байланысуынан жасалатын күрделі құрылым. Осы кезден бастап тіл мен сөйлеудің қатынасы жөнінде зерттеулер жүргізіле бастады. Ф. де Соссюрдің тіл мен сөйлеу антиномияларына және Прага лингвистикалық үйірмесінің тілдің қызметіне қатысты тұжырымдарынан кейін Э. Бенвенист, Л. Блумфилд, Ю. Лотман, З. Харрис, Т. ван Дейк, В. Дресслер, Я. Петефи, Д. Вундерлих, М. Фуко, А. Леонтьев, А. Потенбя, Т. ван Дейк, Ю. Степанов, А. Бондарко, О. Москальская, И. Гальперин, М. Макаров және т.б. ғалымдар зерттеулерін мәтін және дискурс теориясына арнады. Аталған ғалымдар мәтінге тікелей немесе жанама түрде зерттеулер жүргізіп, мәтін және дискурс теориясына әр қырынан қараған. Ғалымдардың біразы мәтіннің грамматикалық және коммуникативтік ерекшеліктерін қарастырса, кейбірі мәтін арқылы дискурс мәселелеріне барды.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Мәтін мәселелері шетел ғылыми әдебиеттерінде ХХ ғасырдың ортасында қозғала бастады. Бұған дейін мәтін жай және құрмалас сөйлем деңгейінде қаралса, бүгінде мәтін жеке теория ретінде қалыптасты деуге негіз бар. Мәтін теориясын зерттеуді Ф. де Соссюрдің сөйлеу әрекетіне қатысты тұжырымдарынан бастаған жөн. Қазір біз мәтінге қатысты еңбектермен таныса отырып, оның таңба екендігін білгенімізбен, бұл мәселені ең алғаш көтерген Ф. де Соссюр. Ғалым тіл мен сөйлеу антиномияларын анықтау арқылы бүгінгі мәтін және дискурс теориясының қалыптасуына үлкен үлес қосқан. Сонымен қатар акустикалық бейне мен мағыналық байланысты да тілге тән белгі деп көрсетеді. Акустикалық бейне дегеніміз – *«бір дыбысты есту ғана емес, ол – дыбысты естігеннен кейінгі психикалық «әсер» (отпечаток) [1].* Тіл сияқты мәтін де қабылдаумен, сөйлеу әрекетімен байланыста қарастырылатын ұғым. Себебі мәтін – сөйлеу әрекетінің нәтижесі. Сөйлеу үдерісі кезіндегі тілдік бірліктердің қолданысын ғылымда дискурс деп атайды. Ғылыми тұрғыда дискурсқа *«экстралингвистикалық-прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және басқа да факторлардың жиынтығын көрсететін байланысқан мәтін» [2, 3]* деген анықтама беріп жүр. Ф. де Соссюрдің пайымдарынан осы мәтін мен дискурстың нышандарын байқамасқа болмайды. Тіл, сөйлеу, мәтін және дискурс ұғымдарының қай-қайсысы да тең дәрежеде коммуникацияға тәуелді.

Мәтін теориясын зерттеу нысанына айналдырған О. Москальская мен И. Гальпериннің 1981 жылы жарық көрген еңбектері тікелей осы мәселеге қатысты. И. Гальпериннің «Текст как объект лингвистического исследования» атты еңбегінде мәтінде берілетін ақпарат

түрлері, континуум, мәтіннің модальділігі, мәтіндегі уақыт, мәтін семантикасы мәселелері қамтылған. Ғалым мәтінге мынадай анықтама берген: «Мәтін – аяқталған ойы бар сөйлеу үдерісінің шығармасы» [3, 18-б.]. Бұл анықтамадан мәтін мен дискурс арасындағы айырмашылықты анық көре аламыз. Ғалым дискурсты «ауызша сөйлеу» деп берген. Мәтін ауызша сөйлеуден ойдың аяқталуымен, грамматикалық тұрақтылығымен, ойдың жүйелі берілуімен, сөйлемдер арасындағы логикалық байланыстың болуымен және бүкіл тілдік заңдылықтардың сақталуымен ерекшеленеді. Ғалымның ойынша, ауызша сөйлеу – тұрақсыз, яғни аяқастынан пайда болу қабілетіне ие құбылыс. И. Гальперин әрекет, қозғалыс және уақытты ауызша сөйлеуге тән белгілер деп есептейді. Сонымен қатар ғалымның мәтінді «*произведение речетворческого процесса*» деуі бүгінгі біздің айтып жүрген дискурсқа келіп саяды. Дискурс та адресанттың белгілі бір тақырып аясында болмаса жағдаятқа сәйкес ойын білдіруі болып саналады.

И. Гальпериннің осы тұжырымы О. Ахманованың ойымен үндес. О. Ахманованың 1966 жылы жарық көрген «Словарь лингвистических терминов» атты сөздігінде мәтін былайша анықталған: «*Текст – то же, что произведение речи; произведение речи, зафиксированное на письме; то же что, корпус*» [4, 469-б.]. Бұл сөздікте мәтінді «произведение речи» тіркесімен беру арқылы дискурс пен, яғни сөйлеумен байланыстырған. Берілген анықтамадан мәтіннің ауызша сөйлеумен тығыз байланыста болатынын, сөйлеу актісінің қағазға түскен формасы мәтін екендігін түсінеміз. Ал О.Москальская «Грамматика текста» атты оқу құралында мәтіннің құрылымдық, семантикалық ерекшеліктеріне жаңа қырынан қараған. Ғалым мәтінді зерттеуде ондағы тілдік бірліктердің қызметі мен уақыт категориясын алға тартады. Соның негізінде мәтін анализінің семантикалық мәселелерін шешуді көздейді.

Функционалды грамматиканың негізін қалаушылардың бірі А. Бондарконың функционалды грамматика жүйесіндегі мәтін лингвистикасы жөнінде айтқан ойлары Ф. де Соссюрдің тіл және сөйлеуімен үндес болып келеді. Ғалым мәтін мен дискурсты функционалист ретінде жүйе мен орта деп берген. Ойымыз түсінікті болуы үшін ғалымның анықтамасын берейік: «Жүйені зерттеу теориясында жүйе ұғымы қоршаған орта ұғымымен өзара байланысты. Жүйе өзінің құрылымын, олардың арасындағы байланыс пен тұтастықты орта арқылы құрап, дамытады» [5]. Мәтіннің күрделі құрылым екендігін құрамындағы сөйлемдерден, сөйлемдер арасындағы мағыналық байланыстан көруге болады. А. Бондарконың айтқан жүйесі осы мәтінге саяды. Мәтінмен қатар қарастырылатын дискурс ұғымы да ғалымның зерттеулерінен орын алған. Айтып кеткеніміздей, ғалым «Лингвистика текста в системе функциональной грамматики» атты ғылыми мақаласында дискурс пен ортаны байланыстыра отырып, мәтіннің коммуникативтік ерекшеліктерін танытқан. А. Бондарко контекст пен сөйлеу жағдайының бірліктерін орта деп түсіндіреді. Нақтырақ айтсақ: «Орта ұғымын мәтін лингвистикасында да қолдануға болады. Жеке айтылымға қатысты орта дегеніміз - тұтас мәтіндегі оның ортасының барлық сөйлеу элементтері, бастапқы сөйлеу (мәтін) жүйесімен әрекеттесетін және оның қасиеттеріне әсер ететін барлық дискурс элементтері» [5]. Зерттеуші мәтін мен дискурс арасындағы байланысты орта арқылы көрсетеді. Мәтін элементтері болып саналатын адресант пен адресат, таным мен түсінік, тілдік қолданыс пен терминологиялық аппарат, тілдік білім мен аялық білім – дискурсқа да тән белгілер. Ғалым мәтін мен дискурстың бір-бірімен қабаттасқан осы бір байланысын тілдік жүйе мен тілдік орта арқылы дәлелдеген.

Мәтін грамматикасын зерттей келе дискурс теориясын анықтаған Т. ван Дейк біраз жылдар бойы мәтіннің қалыптасуы мен қабылдануы жөнінде зерттеулер жүргізген. Ғалым мәтіндегі сөйлем құрылымын, сөйлемдер арасындағы мағыналық байланысты қарастыру барысында мәтіндегі сөйлеу актісінің орнын анықтап, соның салдарынан мәтін прагматикасына ғылыми көзқарасын білдірген. Бүгінде Т. ван Дейк пен Кинчаның «Стратегия восприятия дискурса» атты еңбегі мәтін грамматикасын талдауда, дискурс

прагматикасын танытуда, мәтіннің когнитивтік моделін анықтауда аса құнды еңбек болып табылады. Сонымен қатар Т. ван Дейк өзінің «Язык. Познание. Коммуникация» атты еңбегінде мәтін мен дискурс арасындағы қатынасты анықтайды. Ғалым «дискурс – бұл мәтіннен бөлек мәтінді түсінуге қажет экстралингвистикалық факторлары бар (әлем туралы білім, түсінік, адресаттың мақсаты) күрделі коммуникативтік құбылыс» [6] дей келе, мәтін мен дискурсты зерттеуде тілдің прагматикалық ерекшеліктерін назардан тыс қалдырмаған. Мәтін ең алдымен көпшілік үшін жазылады. Т. ван Дейк мәтін жазуда адресаттың жас ерекшелігін, тілдік және аялық білімін, таным-түсінігін назардан тыс қалдырмаған жөн деген қорытындыға келеді.

Қазақ тіл білімі үшін мәтін мен дискурс ұғымдары таңсық тақырып емес. Қазақ тіліндегі ең алғашқы ғылыми мәтіндерді түзуші А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» мәтінге шығарма сөз деген атау беріп, оны былайша түсіндіреді: «Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз осылай шығарған сөз» [7, 17-б.]. Бұл – А. Байтұрсынұлының шығарма сөзге берген анықтамасы. Байқағанымыздай, ғалымның айтқан ойы бүгінгі мәтінге беріліп жүрген анықтамамен мазмұндас. Сонымен қатар ғалымның «қисынын, қырын, кестесін келтіріп» деген тіркесіне назар аударсақ, мәтін жазуда грамматикалық заңдылықтардың сақталу және мағынаның тұтас болу керектігін ұғынамыз. Қазір жиі қолданылып жүрген «адресант – мәтін – адресат» ұштағаны А. Байтұрсынұлының еңбектерінде ХХ ғасырдың басында-ақ айтылып кеткен екен. Сонымен бірге ғалымның берген анықтамасында мәтінге дейінгі үдеріс туралы да сөз етілгенін байқауға болады. Ғалым «бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін» тіркестері арқылы мәтінге дейінгі үдеріс жайында айтқан. Автор (айтушы) мәтін қалыптастыруға дейін ойланып, толғанып барып, таным мен түсінігінің көмегімен, тілдік және аялық білімін пайдалана отырып мәтін түзеді. Оған қоса, ғалымның ғылыми мәтіндерінде дискурс мәселесі турасында біршама ақпарат берілген. А. Байтұрсынұлы мәтін мен дискурс мәселесін ұштастыра отырып, мәтіннің коммуникативтік ерекшеліктерін көрсеткен. Оған мына пікірі дәлел болады: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білу тиіс» [7, 18-б.].

Ғалымның пікірінен көріп тұрғанымыздай, мәтін – адам мен адамды, ғылыми түрде айтатын болсақ, адресант пен адресатты байланыстыратын ұғым. Автор мәтін жазуда оқырманның қабылдау деңгейін ескереді, оқырманға қажетті мазмұндағы мәтінді түзеді. Қазір бұл үдерісті мәтін прагматикасы деп атайды. Абай сөзінің лингвопозетикасын зерттеген А. Салқынбай мәтінді түзуші мен қабылдаушының арақатынасын былайша түсіндіреді: «Мәтінді (лебізді) жазушы, айтушы, тыңдаушы, оқушы, бағалаушы, оның кейіпкерлері – бәрі Адам. Адам баласының маңдайына жазылған сөйлеу қасиеті бар, Шаһкәрім данышпан айтқандай «Алладан шыққан бу» бұл. Мәтінді жазатын – адам, адам туралы жазылады, адам үшін жазылады, адамның дүниетанымы, болмысы, сезімі айнадай мөлдіреп сөзбен сурет салынады, суреткерлік шеберлікпен сөз Патшалығында көркем құндылық жасалады. Ол да адам үшін, адамның мәдени-рухани игілігі үшін. Мәтінді оқитын, түсінетін, қабылдайтын, тұжырым жасайтын да – адам» [8, 257-б.]. Ғалымның бұл пікірінен адам мен тіл арасындағы ажырамас байланысты көреміз. Тіл сөзден, сөйлемнен, мәтіннен тұрады. Десек те, адам ойын сөзбен немесе сөйлеммен толық жеткізе алмайды. Адресанттың ойын адресат толық түсінуі үшін бірнеше сөйлемдер тізбегі қажет. Демек, мәтін адресант пен адресат арасын байланыстырушы құрал болып табылады. Сондықтан тіл білімі саласында мәтінді коммуникацияның ең кіші бөлшегі ретінде қарастырады.

Ғалым Қ. Жұбанов мәтін мен дискурс мәселесіне «сөздің жалпы құрылысы» тұрғысынан қараған. Зерттеуші зерттеуін «сөз ауызекі де сөйленеді, қағазға да жазылады» деген тілдік бірліктермен бастай отырып, тіл мен сөйлеу ұғымдарын қатар қойған. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, тіл мен сөйлеу мәтін және дискурстың негізі болып табылады. Ғалым мәтінді «кітап сөзі», дискурсты «ауызекі сөз» деп беріп, «кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады; қалай оқылса, солай түсініледі немесе түсініксіз күйімен қалып қояды дейді. Мұнда жазған кісіден қайта сұрап алуға болмайды. Жазылған сөздің бөлшек-бөлшегін және тыныс белгілерін өте сақтықпен өз орнына қоймасаң, мұнда оның олқысын толтыратын ым да, дыбыс әні де жоқ. Сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет. Сөзді қалай құрудың тетігін білу ауызекі сөз үшін де аса керекті. Өйткені топта сөйленетін сөз де жазу тілі сияқты. Мұнда да екі кісі отырып, сөйлескендегі кеңшілік жоқ» деп түсіндіреді [9, 28–29-бб.]. Қ. Жұбановтың пайымынша, мәтіннің грамматикалық ерекшеліктері, яғни тілдік бірліктердің қолданысы, тыныс белгілердің орынды қойылуы мәтін түзуде аса маңызды. Сонымен қатар бүгінде көп талқыланып жүрген диалог пен дискурстың арақатынасы жөнінде пікір білдірген. Ғалымның сөзімен айтар болсақ, «топта сөйленетін сөз» бен «екі кісінің отырып сөйлесуі» бір ұғым емес.

Жазушы мен оның көркемдік әлемін зерттеген Р.Сыздық автор мен кейіпкер тілін қарастыруда дискурс мәселесіне тоқталған. Әрбір жазушы кейіпкердің сөзі арқылы автор бейнесін ашуға тырысады. Ғалым оны былайша түсіндіреді: «автор оны күнделікті күйбең тіршілікте от басы, ошақ қасындағы ауызекі сөйлеу машығымен емес, «басты ақсақалдар» тілімен сөйлетеді» [10, 39-б.]. Дискурс теориясының белгілері көркем шығармада өте көп қолданылады. Себебі көркем шығарма көбіне еркін формада, жалпы халыққа түсінікті тілде жазылады. Бұл – дискурста тән құбылыс. Дегенмен кейіпкерді кәсібіне қарай, мәдениетіне, біліміне сәйкес сөйлету автордың шеберлігіне байланысты. Бұдан байқайтынымыз, көркем мәтін жазуда дискурс теориясының алар орны ерекше. Көркем шығарманы мазмұнды әрі тартымды қылдыру автордың мәтіннің дискурстық қырларын меңгеруіне тікелей қатысты. Ал ғылыми мәтінде ақпарат ғылымның түрлі салалары бойынша мазмұндалады, соған сәйкес тілдік бірліктер қолданылады.

Дискурс теориясының бір қыры – сөйлеу мәдениеті. Бүгінгі түрлі саланың дискурстық тұрғыда қарастырылуы – соның дәлелі. Мәтінді сөйлеу үдерісі арқылы зерттеген ғалымдардың бірі – Н. Уәли. Ол «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты докторлық диссертациясында мәтін мен дискурсты байланыстыра қарастырған. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру дискурсты меңгеруге тікелей қатысты. Сондықтан ғалым мәтінді коммуникациялық бірлік ретінде көрсетіп, оның тілдік ерекшеліктерін дискурстық анықтау мүмкін еместігін мысалдармен дәйектеп шыққан. Ғалым «мәтінді тек автор тугызбайды, мәтін автор мен адресаттың тілдік ойлауының өзара әрекеті» [11, 13-б.] дей келе, мәтін прагматикасын көрсеткен. Автор адресаттың ойлауын (танымын, білімін) негізге ала отырып, мәтін түзсе, онда бұл біз қарастырып жатқан дискурс болады. Демек, дискурс – мәтіннің түзілу себебін, автордың тілдік ерекшеліктерін, қабылдаушының тілдік әрекетін танытушы бірден бір құрал. Дискурсты айтушы мен қабылдаушы арасындағы байланыс арқылы қарастырған ғалымның бірі Ж. Манкеева дискурс теориясына тілдің кумулятивті қызметі тұрғысында зерттеулер жүргізген. Ғалым дискурс теориясына деген көзқарасын адресант пен адресаттың таным мен түсінігі, мәдениеті мен болмысы арқылы барады. Нақтырақ айтсақ, «тіл арқылы берілетін ойдың ар жағында сол тілде сөйлеушінің танымы, мәдениеті, психологиясы, өмір тәжірибесі, т.б. рухани-прагматикалық жүйесі жататыны белгілі» [12, 192-б.]. Ж. Манкеева тілді зерттеуде жеке тілдік қолданушының дискурсын зерттеу аса маңызды екендігін «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері» атты еңбегінде айтқан.

Мәтінге синтаксистік тұрғыда зерттеулер жүргізген ғалымдардың бірі – Ж. Жақыпов. Ғалым 2008 жылы жарық көрген «Синтаксис строфы» еңбегінде мәтінге «Мәтін – сөйлеу үдерісінің соңғы, аяқталған және максималды кезеңі, бұл кезде шумақ толық аяқталмаған болады. Бұдан мәтін талдаудың және шумақтың анықталу аймағының тым күрделі екендігін көреміз» [13, 30-б.] деген анықтама беріп, мәтіннің қалыптасуында уақыттың алар орнына ерекше екіпін түсірген. Мәтін – ең алдымен тұтас бір таңба. Ол тілдік бірліктердің синтаксистік, семантикалық байланысы арқылы тұтастыққа ие болады. Оған қоса, мәтін – уақытпен өлшенетін ұғым. Соңғы, аяқталған ойдың қағазға түсуі мәтін болса, уақыт негізінен дискурста тән құбылыс. Сондықтан да ғалымның анықтамасынан дискурстың да белгілерін көруге болады.

Орыс тіл білімінде дискурс, оның ішінде ғылыми дискурстың сипаттарын анықтау мақсатында көптеген диссертациялар жазылған. Е. Михайлова «Интертекстуальность в научном дискурсе: На материале статей» [14] атты кандидаттық диссертациясында ғылыми дискурстағы варианттылық, оның ішінде жанрлық варианттылық, ғылыми дискурстың жанрлық ерекшеліктеріне тоқталады. Академиялық тілдің ғылыми дискурстағы орны жайында Н.И. Смирнова кандидаттық диссертациясында айтқан. «Академический язык как разновидность научного дискурса: Социо-психолингвистическая модель» [15] атты диссертация «Статус научной речи и разновидности ее русскоязычных проявлений», «Академический язык как разновидность научного дискурса», «Верификация теоретической модели академического языка в эмпирии» деген тараулардан тұрады. Ғалым академиялық тіл мен ғылыми тілді бір ұғым ретінде қарастырып, оны әлеуметтік лингвистика аясында зерттеген. Ғылыми мәтіннің лингвокогнитивтік үлгілерін қарастырған Н. Мишанкина докторлық диссертациясында алғаш рет орыс ғылыми дискурсы ғылыми қызмет пен ғылыми коммуникация жүзеге асырылатын метафоралық кеңістік ретінде сипатталады. Еңбекте ғылыми дискурстың қалыптасуына қатысатын дискурсивті-онтологиялық типтің негізгі метафоралық үлгілері ашылады. Ғылыми дискурста арналған соңғы зерттеу жұмыстарының бірі А.А. Таланинаның «Жанр лекции в учебно-научном дискурсе» [16] атты диссертациясы. Ғалым 2021 жылы қорғалған диссертациясында дәрісті коммуникативтік жағдаят ретінде қарастырып, алғаш рет дәріс пен хронотоп ұғымдарын байланыстырады. Талдаулар негізінде зерттеуші дәріс композициялары мен микрожағдаяттарын, хроноптоптық маркерлер классификациясын анықтаған.

Бүгінде мәтіннің теориялық мәселелеріне қатысты қазақ тіл білімінде көптеген зерттеулер бар. Ғалым С. Әлісжанның зерттеулері ғылыми мәтіннің тілдік ерекшеліктеріне бағытталған. Десек те, ғылыми мәтінді оқыту әдістемесіне, ғылыми мәтінді жазуға қатысты практикалық еңбектерді көруге болады. Олардың қатарына Б. Динаева мен С. Сапинаның «Академиялық сауаттылықтың теориялық және практикалық негіздері» [17], Е. Оспановтың «Академиялық жазылым» [18] атты оқу құралдарын жатқызамыз. Бұлар еңбектерде ғылыми мәтінге академиялық мәтін ретінде қарап, академиялық мәтін құрастырудың жолдары мен әдістерін береді. Соңғы жылдардағы бұл еңбектер мәтіннің академиялық дискурсына бағытталып жазылған.

Мәтіндегі уақыт мәселесі А. Салқынбайдың антропоэекті бағытта жазылған «Абай сөзінің лингвопоэтикасы» атты еңбегінде қозғалған. Ғалым аталған еңбегінде мәтіндегі адамның рөлін, мәтіннің уақытпен, кеңістікпен байланысын қарастырған. «Лебіз ұлғайған сайын, лебіздегі қолданыс кеңейген сайын тіл де жасара түспек. Осындай сан алуан мәтіндердің басын қосатын, біріктіретін, кең өлшемді негізгі мазмұндық жүйені біріктіретін үш ұлы феномендік күш бар: адам, уақыт, кеңістік... Мәтіннің авторы – оқиғаны түзуші де Адам. Демек, мәтін – адам арқылы адамға бағышталған мән. Мұнда кеңістік пен уақыт бір-бірімен тығыз байланысты, оларды бір-бірінен байланыссыз көзге елестете алмайсыз» [8, 7-б.]. Мәтінді түзетін адам, қабылдайтын да адам. Ғылыми тілде оны адресант және адресат

деп жүрміз. Бүгінде тілдің жаңа қырларын ашуда көптеген мәтіндер антропоэлектік парадигма аясында қарастырылып жүр. Соның негізінде автор мен мәтін, мәтін мен адресат, автор мен адресат арасындағы тілдік байланыс барынша ашыла бастады. Мәтін қалыпқа түскен тұтас құрылым ғана емес, ол – семантикалық кеңістігі бар, коммуникативтік, прагматикалық сипаты бар күрделі жүйе.

Соңғы жылдары аталмыш тақырып аясында көптеген мақалалар жазылып, оқырмандарға ұсынылып жүр. А. Қожахметова мен Ж. Манкеева «Өлеңсөздің дискурстық синергиясы» [19] атты мақалаларында тіл және дискурс мәселелері синергетикалық тәсіл арқылы қарастырған. Ал ғалым Г. Сәулембек М. Қосын шығармаларындағы постмодернистік дискурс мәселесіне тоқталған. Бұл мақалада көркем мәтін дискурсы талданып, М. Қосынның шығармаларының коммуникативтік ерекшелігі көрсетілді. Демек, мәтін мен дискурс теориясының мәселелері біржақты емес, жан-жақты қамтылып жатқаны бұл тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

### Талдау мен нәтижелер

Бұл мақалада мәтін және дискурстың байланысы мен ерекшелігін анықтау мақсатында М. Балақаевтың «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту» еңбегінен үзінді алынды. Үзінді арқылы көпшілікке мәтін мен дискурс арақатынасын анықтау көзделді.

*Тіл мәдениеті жоғары адамдардың әрдайым көз тігетін жарық жұлдызы – әдеби тіл. Өйткені соңғы – екшелген, сұрыпталған мәдени тіл, белгілі қалыпқа түскен стандартты әрі ресми тіл, халық тілінің шұрайлы байлықтарымен сусындаған, көркем, өткір тіл. Солардың бәрі жалпыхалықтық сипат алып, тілдік нормалар біршама тұрақталып, жаңа нормалар пайда болды, стильдік жүйелері сараланып, қоғамдық қызметі кеңейді.*

*Солардың бәрін игеріп, игілікті іс-әрекетіне пайдалану кісіні тіл мәдениетіне жетектейді.*

*Мәдениетті адамның адамның көп қырлы сырының бір көрініс – тіл мәдениетінің жоғары болуы.*

*Әдеби тілдің не екенін, оның халық тілінен айырмашылығын қарым-қатынасы қалай болатынын білмей тұрып, тіл мәдениетінің биік шыңына қол созуға болмайды. Өйткені тіл мәдениетінің қағида, талаптары жазба әдеби тіл мен «ауызша әдеби тіл» дегеннің арақатынасынан туындаған.*

*Тақырыбымыздың не екеніне қанық болмай тұрып, тон пішуге болмайды. Оның теориялық та, практикалық та мәні зор [20, 192-б.].*

Кез келген дискурс «сөйлеу актісі => сөйлеу барысы => ақпарат алмасу => трансакция => сөйлеу жағдаяты» жүйесі негізінде жасалады. Мәтіннің дискурстық ерекшелігі сөйлеу актісі кезінде ғана нақты көрінеді әрі талданады. Коммуникативтік қадам дискурс субъектілерінің сөйлеу әрекетіне тікелей қатысты. Субъектілердің сөйлеу жағдаятына қарай коммуникацияға түсуі коммуникативтік қадам болып саналады. Зерттеушілер дискурстық талдауда ақпарат алмасу мен трансакцияны аса маңызды деп есептейді. Субъектілер арасында тақырыпқа сай ақпарат алмасу болады. Ал трансакция дегеніміз – байланыс бірлігі, яғни екі немесе одан да көп адамдардың өзара әрекеті. Сөйлеу жағдаяты да дискурс үшін негізгі ұғым. Жағдаятқа қарай дискурс жасалады. Бұл тұжырымдар негізінде М.Макаровтың дискурс-талдауға қатысты ойлары тұр.

Мәтін мен дискурстың байланысын анықтау үшін оның функционалды стильдегі орнын анықтап алған жөн. Ол талдауды жүйелі орындауға көмектеседі. Мәтіннің ғылыми стильде жазылғаны бірнеше белгілерінен көрінеді. Ең алдымен, мәтін құрамындағы сөйлемдер мағыналық және грамматикалық тұрғыда бір-бірімен байланысқан болса, екіншіден, ғылыми мәтінде мәтін тілін нақтылайтын, ойын жүйелейтін терминдер қолданылған. Атап айтсақ: *әдеби тіл, стандарт, стиль, тілдік норма, қағида, талап, жазба әдеби тіл, ауызша әдеби тіл, теория, практика*. Терминдер негізінен ғылыми мәтінде қолданылады. Сол себепті



терминдердің ғылым тілін дамытудағы орны ерекше. Демек, мәтінде ғылыми ақпарат пен ғылыми терминдердің берілуі оның ғылыми стильде жазылғанын анық көрсетеді. Кез келген мәтінді талдау барысында ондағы тілдік бірліктердің стильдік ерекшелігіне назар аударылады.

Адамдар арасында коммуникация тез әрі қарқынды орнай бермейді. Диалог түрлі себептерге қатысты болатыны анық. Ғалым Н. Мишанкина «Лингвокогнитивное моделирование научного дискурса» [21] атты докторлық диссертациясында мәтіннің дискурстық өлшемдері туралы тұжырымдар берген. Зерттеуші дискурстық өлшемдерге қатысушыларды, мақсатты, хронотопты, стратегияларды, тақырыпты, жанрды, дискурстық формулаларды, құндылықтар және прецеденттік мәтіндерді жатқызады. Мәтіннің бір өзі дискурса айналып кетуі мүмкін емес. Мәтінді дискурса айналдыратын айтушысы, қабылдаушысы, айтушының мақсаты мен стратегиясы, айтушы мен қабылдаушының танымы, түсінігі және білімі болады.

Жоғарыда көрсетілген мәтінде автордың тактикасы мен стратегиялары анық көрсетілген. Нақтырақ айтсақ, автор оқырманның назарын аудару мақсатында *көз тігетін, жарық жұлдызы, шұрайлы байлықтарымен сусындаған, өткір тіл, игілікті іс, көп қырлы сыр, биік шың, тон пішу, қол созу* сынды тіркестерді пайдаланған. Ғылыми мәтін авторлары оқырманның қызығушылығын арттыру үшін осындай коммуникативтік қадамдарға барады. Бұндай амалдарды ғалым Д. Әлкебаева автор стратегиясы мен тактикасы деп атаған. Ғалым «Сөз мәдениеті» атты оқу құралында сөйлеудің стратегиялары мен тактикаларына тоқталған. Атап айтсақ: «Сөйлеу әрекетінде сөзге қатысушылардың әрқайсысының өзіне тән стратегиясы мен тактикасы болады. Коммуниканттардың стратегиясы мен тактикасы – сұқбатқа қатысушылардың арнайы жоспары. Айтушы өзінің ниетін, пиғылын жүзеге асыру үшін белгілі жағдайда стратегия мен тактиканы қолданады» [22, 50-б.]. Стратегияны мәтін авторы құрады. Стратегия арқылы ғылыми ақпарат жүйелі түсіндіріледі. Оқырман автор идеясын жеткілікті дәрежеде түсініп, оны ары қарай өз білімі мен танымы арқылы жетілдіреді.

Кез келген мәтінде белгілі бір тақырып аясында ақпарат беріледі. Бұл мәтін *әдеби тіл* тақырыбы аясында түзілген. Мәтін тақырыбына сәйкес сөйлеу жағдаяты пайда болады. Д. Әлкебаева ол жөнінде былайша пікір білдіреді: «Сөйлеу ситуациялары айтушыға да, тыңдаушыға да өте маңызды кезең болып табылады. Кез келген сөйлеуші тыңдаушы сияқты сөйлеу ситуациясына тап болады. Ситуация кезінде айтушының көңіл-күйі де өзгереді, сөйлеу қызметінің маңызды формаларын жасайтын болады. Сөйлеу ситуациясында сөйлеушінің ішкі сөзі пайда болады, бұл құбылыс тыңдаушыға да тікелей ықпал етеді. Сөйлеу ситуациясы әр сөйлеушінің сөйлеу бағытын өзгертіп отырады. Ситуацияға байланысты сұрақ-жауап туындап отырады, олар айтушының сұрағына жауап қату, құптау, мойындау, мойындамау, назарға алу, тыңдамау сияқты кезеңдерге де бөлініп кетеді» [22, 51-б.]. Мәтіндегі тілдік бірліктер арқылы жағдаят ғылыми коммуникация арқылы туындағанын көреміз. Ғылыми жағдаятқа қарай автор тілдік бірліктер қолданып, ғылыми пайымдауларын көпшілікке ұсынады.

Бұл мәтін ғылыми болғандықтан, ғылыми мәтін мен ғылыми дискурса ортақ бірлік – терминдер. Ғылым тілінің негізгі көрсеткіші саналатын терминдер ғылыми мәтін жазуда бірінші кезекте қолданылады. Ғылыми мәтін ғылыми терминдермен ғылыми сипатқа ие. Соған сәйкес бүгінгі ғылыми кеңістікте 50-ге жуық ғылым саласы бар. Әрқайсысының өзіне тән терминдері ғылыми айналымда қолданылып жүр. Автор мәтінде *тіл, мәдениет, ресми тіл, әдеби тіл, қағида, теория, практика, жазба тіл, ауызша тіл* және т.б. терминдерді қолданған. Терминдердің табиғаты сөзге ұқсас келеді. Себебі терминнің негізгі бастауы сөз болғандықтан, сөздің өмір сүру аясы терминде де бар. Демек, терминдер сөз сияқты жазбаша және ауызша мәтінде түрліше құбылады. Терминдер терминжүйеде және арнайы дискурста

өмір сүреді. Коммуникация кезінде терминдер өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Оларға терминдердің синонимиясын, көпнұсқалылығын, заманға сай жаңа атауларының қолданылуын және т.б. жатқызуға болады.

Ғылыми мәтіндегі және ғылыми дискурстағы әрбір сөз грамматикалық заңдылықтарды негізге ала отырып жазылады. Грамматикалық тұлғалардың бір ізге, бір қалыпқа түсіп, дағдыға айналып жұмсалуды грамматикалық норма деп аталады. Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан, оның өзіндік тілдік ерекшеліктері бар. Соған сәйкес грамматикалық заңдылықтары да қалыптасқан. Бұл мәтінде де грамматикалық заңдылықтар толығымен сақталған.

Демек, ғылыми мәтіннің қолданушылары ғалымдар, білім алушылар болғандықтан, көп жағдайда коммуникативтік қадамды автор жасайды. Бұл мәтіннің авторы жоғарыда берілген тілдік бірліктер арқылы оқырман қабылдауына мәтін ұсынған. Бұдан байқайтынымыз, кез келген мәтін адресатқа бағытталып жазылады. Мәтін авторы мен оқырманы арасында міндетті түрде коммуникация болады. Автор мен оқырман сөйлеу әрекетіне түспесе де, олардың арасында ғылыми коммуникация орнайды. Яғни автор ғылыми мәтінді оқырманға түсіндіреді, оқырман мәтінді түрлі деңгейде түсінеді. Көп жағдайда оқырман бұл мәтінді келесі оқырмандарға түсіндіреді. Демек, мәтін жазуда оның дискурстық ерекшелігі міндетті түрде назарда болады.

### **Қорытынды**

Бұл зерттеу мақаласында мәтін мен дискурс ұғымдарының арақатынасы тілтанушы ғалымдардың тұжырымдары негізінде талданды. Ғалымдардың ойын саралай келе, мәтін және дискурс ұғымдарына ортақ мынадай белгілер анықталды:

- Екеуінде де белгілі бір мақсатқа негізделген ақпарат беріледі;
- Екеуінде де айтушы мен қабылдаушы арасында байланыс болады;
- Екеуінің де негізгі субъектісі – адам;
- Екеуінде де сөйлемдер арасында байланыс пен мағыналық тұтастық сақталады;
- Екеуі де – сөйлеу актілерінің негізгі құралы.
- Сонымен қатар мәтін мен дискурсқа тән мынадай ерекшеліктерді көрсетуге болады:
- Мәтін – жазба әдебиеттің бірлігі;
- Мәтінде грамматикалық заңдылықтар сақталады;
- Дискурс – сөйлеу үдерісінің бірлігі;
- Дискурс кезінде кеңістік пен уақыт айқын көрінеді;
- Дискурста импровизацияға жол беріледі.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Ф. де Соссюр. Курс общей лингвистики. Извлечения [Электронды ресурс]. URL: <http://genhis.philol.msu.ru/f-de-sossyur-kurs-obshhej-lingvistiki-izvlecheniya/> (қаралған күні 26.12.2022)
2. Кенжеқанова Қ. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар матриалдары бойынша): Филос. (PhD) докт. ... дисс. – Алматы, 2015. – 187 б.
3. Гальперин И. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 1981. – 136 с.
4. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – 606 с.
5. Бондарко А. Лингвистика текста в системе функциональной грамматики. [Электронды ресурс]. URL: <http://www.philology.ru/linguistics1/bondarko-01.htm>. (қаралған күні 26.12.2022)
6. Т. ван Дейк. Язык. Познание. Коммуникация. – Благовещенск: БГК им. И.А. Бодуэна де Куртенэ, 2000. – 308 с.
7. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 206 б.
8. Салқынбай А. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 242 б.

9. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. I том. – Алматы: Өнер, 2013. – 259 б.
10. Сыздық Р. Сөз құдыреті. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 295 б.
11. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2007. – 60 б.
12. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 639 б.
13. Жакупов Ж. Синтаксис строфы. – Омск: БОУДПО «ИРООО», 2008. – 123 с.
14. Михайлова Е.В. Интертекстуальность в научном дискурсе: автореф. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 1999. – 23 с.
15. Смирнова Н.И. Академический язык как разновидность научного дискурса: автореф. ... канд. филол. наук. – Ульяновск, 1999. – 23 с.
16. Таланина А.А. Жанр лекции в учебно-научном дискурсе: автореф. ... канд. филол. наук. – Архангельск, 2021. – 21 с.
17. Динаева Б.Б., Сапина С.М. Академиялық сауаттылықтың теориялық және практикалық негіздері. – Нұр-Сұлтан: КАЗГЮУ Университеті, 2020. – 200 б.
18. Оспанов Е. Академиялық жазылым. – Алматы: Экономика, 2018. – 120 б.
19. Қожахметова А., Манкеева Ж. Өлеңсөздің дискурстық синергиясы // Ясауи университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №1. – Б. 156–166.
20. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1989. – 96 б.
21. Мишанкина Н. Лингвокогнитивное моделирование научного дискурса: дисс. ... докт. филол. наук. – Томск, 2010. – 409 с.
22. Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 196 б.

#### REFERENCES

1. Ferdinand de Sossur. Kurs obshei lingvistiki [Course in General Linguistics]. Izvlecheniia [Electronic resource]. URL: <http://genhis.philol.msu.ru/f-de-sossyur-kurs-obshej-lingvistiki-izvlecheniya/> (qaralghan kuni 26.12.2022). [in Russian]
2. Kenjeqanova Q. Sayasi diskurstyn pragmalingvistikalıyq jane kognitivtik komponentteri (qazaq tilindegi merzimdi basylymdar matrialdary boıynsha) [Pragmalinguistic and cognitive components of political discourse (according to the matrices of periodicals in the Kazakh language)]: Filos. (PhD) dokt. ... diss. – Almaty, 2015. – 187 b. [in Kazakh]
3. Galperin I. Tekst kak obiekt lingvisticheskogo issledovaniya [Text as an object of linguistic research]. – M.: Nauka, 1981. – 136 s. [in Russian]
4. Ahmanova O.S. Slovar lingvisticheskikh terminov [Dictionary of Linguistic Terms]. – M.: Sovetskaya entsiklopedia, 1966. – 606 s. [in Russian]
5. Bondarko A. Lingvistika teksta v sisteme funkcionalnoi grammatiki [Linguistics of the text in the system of functional grammar.] [Electronic resource]. URL: <http://www.philology.ru/linguistics1/bondarko-01.htm>. (qaralghan kuni 26.12.2022). [in Russian]
6. T. van Deik. Iazyk. Poznanie. Kommunikaciia [Language. Cognition. Communication]. – Blagoveshchensk: BGK im. I.A. Baudouin de Courtenay, 2000. – 308 s. [in Russian]
7. Baitursynuly A. Adebiet tanytqysh [Literature guide]. – Almaty: Atamura, 2003. – 206 b. [in Kazakh]
8. Salqynbai A. Abay sozinin lingvopoetikasy [Linguopoetics of Abay's word]. – Almaty: Kazakh universiteti, 2015. – 242 b. [in Kazakh]
9. Jubanov Q. Qazaq til biliminin ozekti maseleleri [Actual problems of Kazakh linguistics]. I tom. – Almaty: Oner, 2013. – 259 b. [in Kazakh]
10. Syzdyq R. Soz qudyreti [The power of the word]. – Almaty: El-shejire, 2014. – 295 b. [in Kazakh]
11. Uali N. Qazaq soz madenietinin teoriyalıyq negizderi [Theoretical foundations of Kazakh speech culture]: Filol. gyl. dokt. ... avtoref. – Almaty, 2007. – 60 b. [in Kazakh]
12. Mankeeva J. Qazaq til biliminin ozekti maseleleri [Actual problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: Abzal-ai, 2014. – 639 b. [in Kazakh]
13. Jakupov J. Sintaksis strofy [Strophe syntax]. – Omsk: BOUDPO «ИРООО», 2008. – 123 s. [in Russian]
14. Mihailova E.V. Intertekstualnost v nauchnom diskurse [Intertextuality in scientific discourse]: avtoref. ... kand. filol. nauk. – Volgograd, 1999. – 23 s. [in Russian]

15. Smirnova N.I. Akademicheskiy iazyk kak raznovidnost nauchnogo diskursa [Academic language as a kind of scientific discourse]: avtoref. ... kand. filol. nauk. – Ulianovsk, 1999. – 23 s. [in Russian]
16. Talanina A.A. Janr lektsii v uchebno-nauchnom diskurse [Genre of lectures in educational and scientific discourse]: avtoref. ... kand. filol. nauk. – Arhangelsk, 2021. – 21 s. [in Russian]
17. Dinaeva B.B., Sapina S.M. Akademiialyq sauatlyqtyn teoriialyq jane praktikalıyq negizderi [Theoretical and practical foundations of academic literacy]. – Nur-Sultan: KAZGUU Universiteti, 2020. – 200 b. [in Kazakh]
18. Ospanov E. Akademiialyq jazylım [Academic writing]. – Almaty: Ekonomika, 2018. – 120 b. [in Kazakh]
19. Qojakhmetova A, Mankeeva J. Olensozdin diskurstyq sinergiasy [Discourse synergy of the poem] // Yassauı universitetinın habarshysy. Filologiya seriasy. – 2023. – №1. – B. 156–166 б. [in Kazakh]
20. Balaqaev M. Til madenieti jane qazaq tilin oqytu [Language culture and teaching the Kazakh language]. – Almaty: Mektep, 1989. – 96 b. [in Kazakh]
21. Mishankina N. Lingvokognitivnoe modelirovanie nauchnogo diskursa [Linguocognitive modeling of scientific discourse]: diss. ... dokt. filol. nauk. – Tomsk, 2010. – 409 c. [in Russian]
22. Alkebaeva D. Soz madenieti [Word culture]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2011. – 196 b. [in Kazakh]